

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Жазушылардың сөз шеберлігі оқырманды ерекше сезімге бөлейді. Екі шығарма - екі тағдыр, екі түрлі жағдай. Бірақ екі жағдай, екі тағдыр - әйелдер өмірінің байланысынан сыр шертеді. Бір ғасырда дүниеге келген екі жазушы, екі түрлі өмірден екі түрлі халықтың дәстүрінен хабар береді. Психологиялық ұқсастық, идея және ой бұл шығармаларда бір-бірімен ұштасады. Екеуі де прозаның асыл шыңына жетіп, халық жүрегінен орын тапты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Әдебиет теориясы: Антология I - Қазақстанның ашық университеті.
- 2.Флобер Г. Госпожа Бовари. - М.: Время, 2018. -384 б.
- 3.Жұмабаев М. Шығармалары, I-II том. - Алматы: Жазушы, 1996. – 117-119 бб.

ӘОЖ 12.02

НОН-ФИКШН – ШЫН БОЛМЫСТЫҢ БЕЙНЕСІ: НОН-ФИКШН ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ДЕРЕКТЕР МЕН ЖАЗУШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІК

Хұсанова Ақбота Көрікбайқызы

ak.botakan.kz@mail.ru

Педагогика ғылымдарының магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, Астана

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., проф.м.а. Б.С.Абдуова

Әдебиет – қай ғасырда да әдебиет. Көзі қарақтының бәрі бас иетін осынау әдебиеттің сыры мен қыры мәңгілік екені ешқандай дау тудырмаса керек. Иә, қай заманда да қаламның ізі – өмірдің ізі болып қала бермек. Заман ағымы, уақыт бедері – күннен күнге жаңғырып, ойдан асып озып барады: ғаламат өзгерістерімен, даму үрдістерімен, заманауи жаңалықтарымен, қиялдағы кереметтерімен, зерделі жаңғыруларымен сәт сайын құбылуда. Өткен, кешегі, бүгінгі әдебиеттің өрлеуіне қарап бұл өмір мәңгілік энергиямен жаратылған, адамзаттың ақыл-ойын алға жетелеген ғаламдық үдеріс деген ой түйесің.

Әдебиет сол үдерістің қарапайым жыршысы десек те болар. Оның бәрі әдебиеттің сан алуан жанрларының басты тақырыбы болған, қазіргі дамуында да сол дәстүр жалғасын тауып келеді. Бүгінгі күн – деректі жанрдың дәуірі. Дүниежүзіндегі дүбірлі оқиғалар мен саяси қақтығыстар, түрлі сипаттағы әлеуметтік төңкерістер адам ойына ықпал етпей қоймайды.

Соңғы кезде әдебиет саласында ағылшын тіліндегі нон-фикшн термині кең тарады. Терминологияның қатары көбейгені, әрине, жақсы шығар. Бірақ көп оқырмандардың көңілінен шығып жатқаны анық. Нон-фикшн деректі шығармалардың бір түрі деп қарауға болады. Деректі шығармаларға жақын, әдеби шығармалардан алыс. Яғни, шығарма авторы өз басынан кешкен, өзі көрген және куә болған жәйттарды нақты деректер арқылы жазады.

Ағылшын тіліндегі нон-фикшн (ағылшынша – non-fiction), төтесінен айтқанда «ойдан шығарылмаған» ұғымын қамтитын «деректі прозаны» білдіреді. Ол көркем проза мен поэзиядан, драматургиядан, сын мен фантастикадан өзге әдебиеттің барша түрінің басын қосады[1].

Дегенмен, нон-фикшн деген не? Бұл интернетте жиі жазылатын жаңа жанр немесе әдебиеттегі жаңа бағыт болса, оның ерекшелігі неде? Ал егер бұл ескі жанрдың басқа атауы болса, оның маңыздылығы қандай? Бұл туралы көптеген болжамдар бар. Көркем әдебиеттегі бағыт, дәлірек айтсақ, әдебиет түрі деуге болады. Бірақ бұл жерде «жанр» түрі сәйкес келмейтіні анық. Бұл деректі прозаның жанры деген пікірлерді де жиі кездестіруге болады. Шетел зерттеулеріне қарағанда, ағылшын тіліндегі нарратологияда (мәтіндер туралы ғылым) барлық әдебиет фикшн (fiction) және нон-фикшн (non-fiction) жанры деп екі түрге бөлінеді.

Фикшн (fiction) – көркем әдебиет, автордың қиялынан туындаған жанр. Қиялға ерік беретін тек фантастикалық және «фэнтези» ғана емес, сонымен қатар сюжеті де, кейіпкерлері де ойдан шығарылған детективтік әңгімелер мен романтикалық романдарды қоса алғанда, заманауи проза кіреді. Тарихи романдарды да кейіпкерлері нақты тарихи тұлғалар болғанымен, осы түрге жатқызуға болады. Көркем шығармада, тіпті тарихи сипатта болса да, автордың қиялға, жорамалға сүйеніп жазуына еркі бар.

Нон-фикшн – бұл көркем әдебиетке немесе қиялға емес, құжаттарға автордың өзінің практикалық тәжірибесіне, нақты фактілерге негізделген барлық танымал әдебиеттер кіреді. Әдебиеттің бұл түрінің көркемдік дәрежесі өте әртүрлі болуы мүмкін. Бұл нақты жанрға, ақпаратты беру формасына, автордың қабілетіне байланысты.

Нон-фикшн бағытында жазылған жанрлардың ауқымы өте кең және ол үнемі жаңа бағыттармен толықтырылатынымен ерекшеленеді. Деректі шығармалар – нақты және сенімді дереккөздерге негізделген шынайылықтың қатаң талаптарын сақтай отыра жазылады. Мысалы, В. Гиляровский «Москва и москвичи», Юрген Торвальд «Век криминалистики» или И. Прокопенко «Тайны космонавтики».

Аты айтып тұрғандай дерек пен дәйектен тұратын, тағдырлардың ақиқатын ашып көрсететін, сол кезеңнің тыныс-тауқыметін бар қырынан баяндайтын бұл жанрдың ерекшелігі – барды-бар, болғанды-болғандай ашып көрсетіп, ақиқатын алға тартуында, бәрін қаз-қалпында көркем сөзбен кестелей білуінде.

Көркем әдебиет феноменін теориялық тұрғыдан анықтауға тырысқан алғашқы зерттеушілердің бірі Барбара Лоунсберри – жаңа құбылыс «нон-фикшн» терминін ұсынады. Ол бұл жанрдағы шығармалардың төрт ерекшелігін анықтайды:

- нақты құжаттық факті немесе шығарманың өзегіндегі тақырып;
- ұзақ алдын ала дайындық, зерттеу және тақырыпқа терең бойлау;
- шығармадағы сюжетке, орынға, орынға (көрініске) ерекше көңіл бөлу;
- әдеби баяндау стилі [2,23].

«Нон-фикшн» ұғымының семантикалық өрісі кең ауқымды қамтығандықтан көптеген болжамдар, даулы мәселелер көп. Алынған терминнің сөзбе-сөз аудармасы, көркем емес әдебиеттің деректі әдебиетпен жартылай қабаттасуы және қиылысуы, жанрлар мен көркем мәтіндердің өмір сүру формаларын кеңінен қамту – міне, осы проблемалардың қалыптасуына барабар кедергі келтіреді.

Әрине, отандық зерттеушілер де көркем емес мәтіндердің шекарасын анықтау мәселесімен бетпе-бет келді: бұл жанрға әртүрлі формалық және мазмұндық сипаттамалары бар мүлде басқа сипаттағы шығармалар кіреді. Зерттеушілер оқырманды шатастырып алмауды бірінші орынға қойды. Қазіргі әдеби процестің бұл құбылысын барынша толық түсіну үшін тұжырымдаманы түсіндіруде шетелдік және отандық тәсілдерді біріктіріп, көркем емес әдебиетті гибриді, синтетикалық баяндау тарихының метажанры ретінде анықтау қажет.

Сонымен, көркем емес әдебиет – синкреттік сипаттағы құбылыс, «әдебиеттегі ең кереғар жанрлардың бірі. Нон-фикшн – нақты оқиғаларға, фактілерге және оқиғаларға негізделген көркем емес шығармалар. Бұл термин «көркем әдебиет емес» дегенді білдіреді. Ғылыми-көпшілік, деректі және мемуарлық мәтіндердің бәрі де көркем әдебиет ұғымына кіреді. Қарапайым тілмен айтқанда, көркем емес әдебиет – қолданбалы әдебиет деп, кейде синоним ретінде «деректі проза», «интеллектуалдық әдебиет», «нақтылық әдебиеті» тіркестері қолданылады. Нон-фикшн құбылысын қазіргі әдебиеттің болмысымен қатар алып қарасақ, ол деректі прозаның артық-кемдігін жасыратын жарқылдаған өлшемге айналып шыға келеді. Бұл әдебиетімізді байытады. Ауқымын барынша кеңейтеді. Бұл жанрды жаңа деп атауға болмайды, дегенмен бүгінгі күнге дейін осы бағытта жазылған шығармалар жеке категория деп қарастырылмады.

Жоғарыда айтып өткен пікірімізге тағы бір рет көз жеткізу үшін, көркем әдебиет пен нон-фикшн әдебиеттерді салыстыруға тырысайық. Көркем әдебиетте көңіл-күйі, сезімі, бітім-болмысы, әсері анық көрініс тауып, моральдық, адамгершілік немесе этикалық сипатта бейнеленеді. Көркем шығарма – тарихи, мемуар, қиялдан туған шығарма болса да, қай

жағынан қарастырсаң да көркемдік реңк, эмоция, шабыт, сезім, әсер сыйлайды. Шындығына келгенде, авторға ешқандай талап қойылмайды. Қай бағытта, қандай жанрда жазаса да мәтін жаза алатын кез келген қаламгер автор бола алады. Яғни қаламгер шығарма жазуда кейіпкерлерді сан түрлі құбылтып, ойната алады.

Оқырман таңдауына да шектеу жоқ, бірі – М.Әуезов, М.Мағауин, Т.Ахметжан, М.А. Булгаковты таңдаса, бірі – комикс жанрын таңдай алады. Бұл тұрғыда оқырман қиялында шек болмайды, ол кейіпкерлердің орнында болып, әртүрлі сезімді бастан кешіріп, көркем фразаларды ой елегінен өткізіп, тілдік метафорасы кеңейіп, көп уақыт әсерден шыға алмай қызығушылығы арта түседі. Түбі бір шындықты өзек еткен көркем шығарма адам көңіл күйінде сан алуан құбылыс туғызып, өмірге деген көзқарас қалыптастырады. Тілдік талғам аясында тіл білімінің теориясы мен практикасын ұштастырады Нон-фикшн әдебиетінде – адамның сезіміне, ойына, көңіл-күйіне жалпы адамгершілік туралы айтылмайды (егер адамгершілік кітаптың тақырыбы болмаса). Оқырманға нақты білімді жеткізеді: ақпарат береді, фактілерге сүйенеді, әдістемелерге шолу жасайды және т.б. Бұл алған білімді оқырман сенімді түрде өз қызметіне қолдана алатынын түсінеді. Көркем қиялға жол берілмейді.

Нонфикшн бағытындағы тақырыптар: бизнес және қаржы, өзін-өзі дамыту және тұлғалық өсу, тарих және саясат, өмірбаяндар мен естеліктер, эзотеризм және дін, журналистік зерттеу және шынайы қылмыс (нақты қылмыстарды талдау), аспаздық, күнделіктер, психология, саяхаттар (саяхат хикаялары), өнер, ғылыми фантастика, салауатты өмір салты және медицина. Бұл тұрғыда авторға да оқырман тарапына да бірдей талап қойылады. Ол – автордың жазатын бағыты бойынша нақты білімінің болуы. Ал оқырман кез келген белгілі бір нақты тақырыпта жазылған нон-фикшн әдебиетінің мазмұнын түсіну үшін сол салада да кем дегенде қарапайым білімге ие болуы керек. Нон-фикшн әдебиеті оқырманның көңілінен шығу міндетті емес. Ең бастысы өзін толғандырған сұраққа нақты жауап алса жеткілікті. Көркем әдебиет пен нон-фикшн әдебиетіндегі ерекшелік – көркем әдебиетке оқырман, көркемдік сипатына, тілдік құбылыстарына, қалдырған әсеріне, эмоцияналды түрде баға бере алады.

Нон-фикшн әдебиетін оқыған кез келген оқырманның алдында тұрған, басты сұрақ – «Мен қандай жаңа мәселелер мен ескі мәселелерді тез әрі тиімдірек шеше аламын?» Яғни көркем әдебиеттің оқырманы қызығушылық танытып, еркін түрде оқитын болса, нон-фикшн жанрындағы шығармаларды оқу барысында міндетті түрде нақты мақсат қойып, толғандырған сұрағына жауап алады. Әлеуметтік, ғылыми және іскерлік мәселелерде нон-фикшн жанрындағы әдебиеттерден шешімін таба аламыз. Мұндай кітаптар адамдардың ой-өрісін кеңейтіп, өмірде өз бағытын табуға және белгілі бір мәселелерде тығырықтан шығып, жағдайын жақсартуға да ықпал етеді. Кітапта жазылған оқиға шындық болғандықтан, оқырман үшін әсері ерекше. Сайып келгенде керек емес, оқылмайтын тақырып жоқ секілді көрінеді. Нәтиже автордың ізденісінің шынайылығына, содан кейін шығармашылық қабілетіне, жеткізудегі тәсіліне байланысты. Қоғамның әлде қашан нарықтық жүйеге өтіп кеткенін білмейтін, білсе де мойындағысы келмейтін қаламгерлер көп. Автор шығармасын міндетсігеннен бастап ол – шығармашылық тұрғыда өлгені.

Сэллинджер өзінің ұстазы туралы естелігінде: «...Осының бәрін жазып және есесіне ештеңе алмауға дайын болған кезде сен – жазушысың» деп жазады. Бұл «еш қайтарымсыз жаза бер» деген сөз емес, алдымен жазушы «жазушыға» айналуы керек. Содан кейін ғана ол өз шығармаларының игілігін де көре бастайды. Бұл формадағы жаңашылдық тұтас әдебиеттегі жаңашылдыққа мысал бола алмайды. Көзі тірісі бар, өмірден озғаны бар бірқатар классиктеріміз кезінде дәстүрлі жанрда, дәстүрлі формада тұрып жаңашыл болғандар еді.

Көрнекті ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Айгүл Ісмакова өз зерттеулерінде әлемдік әдебиеттану ғылымы нео-риторика, нарраталогия, интертекст теориясы сияқты үш бағытта қанат жайып бара жатқанын айта отырып, әлемдегі прагматикалық даму ілгерілеп, эстетикалық шығармашылық кейін қалып бара жатқанына алаңдаушылық білдіреді. «Қазіргі әлем әдебиетінде шынайы көркем мәтіндерден қарағанда жылдам жеңіске жеткен кейіпкердің әрекеттері сұранысқа ие. Бұл ретте көркемдік мәселесі екінші кезекке шығып отыр» дейді ғалым. Осы пікірмен толық келісуге болады. Себебі автор

бұл жерде мотивациялық кітаптар туралы айтып отырғаны байқалады. Соңғы жылдарда мұндай кітаптар қазақ тілінде де жарық көре бастады.

Айталық, Қуаныш Шонбайдың жеңіске жетудің қазақша жолын баяндайтын «Екінші болма», журналист Бақытжан Бұқарбайдың «Күнкөрістен кет, байлыққа жет!», Ұлдана Ерқасымның «Қоқыстан табылған миллионер қыз», психолог Кәмшат Бекжігітованың «Ойынды өзгертіп, өміріңді өзгерт», ақын, жазушы, мотиватор Назила Слямқызының «Қош бол, қиындық!», Жәмила Бақтиярқызының «Бәйшешек» сияқты кітаптарын атауға болар еді. Басты ерекшелігі – бұл кітаптардың барлығы өмірде бар нақты кейіпкерлердің қиындықтарды жеңуін, жетістіктерге жетуін баяндайды. Яғни бұл шығармалар толықтай деректі әдебиетке жатады деген сөз.

Форма мен стильдің жаңаша үлгісін тауып үдеден шыға білген, шұрайлы тілі мен орайлы ойы өрген бұрымдай өрелі баяндар. Бұл ерекшелігі басым дүниелер ғана емес, дәлірегі – кәдімгі кәсіби жазудың көпке белгілі қалыбына жаңаша үрдіс әкелген қалами құбылыс. Нон-фикшн – бұл тұрғыдан келгенде уақыт лебіне сай ұшқырлық танытқанын көреміз. Жазушы қоғамның сұранысын дөп баса алатын сұңғыла болғаны жақсы, жазушылық шеберлігін талмай дамыта түссе тіптен жақсы. Жанр қоғам сұранысына қарай сұрыпталады, алайда сұранысты анықтау үшін де алдымен ұсыну керек. Әдебиеттегі әлемдік тренд елімізге «Меломан» кітап сауда желісі арқылы келді. Шет тілден аударылған бестселлерлер ішінде нон-фикшн көш бойы озып тұрғаны байқалды. Бұл жанр ерекшелігі, мұнда автор өзінің басынан өткізген қызықты оқиғаларын өрнектейді.

Бұл жағынан «Кемел адам» кітабы көш бастап тұр. Автор Қайрат Жолдыбайұлы бұл кітабында жан-жақты жетілген идеалды адамның қасиеттері мен ерекшеліктерін түсіндіре отырып, оқырманын «кемел адам» болуға шақырады. Кітаптың бірінші бөлімінде кемелденудің психологиялық кедергілері түсіндіріліп, түйіні тарқатылса, екінші бөлімде тән саулығының маңыздылығы, денсаулықты күтудің жолдары мен жай-жапсары баяндалады. Үшінші бөлімде уақытты тиімді пайдалану және жоспарлау тәсілдері мен тетіктері берілген. Төртінші бөлімде қаржылық сауаттылық жайлы түсіндіріліп, тапқан табысты нәтижелі жұмсаудың бағыт-бағдары айтылады. Ал бесінші, алтыншы бөлімде эмоциялық зерде, яғни байсалдылық танытып, көңіл-күй, сезімдерімізді басқару тәсілдері мен қарым-қатынас қағидалары жан-жақты түсіндіріледі. Әр бөлім мысалдар және рухани құндылықтарға бай.

Қайрат Жолдыбайұлы ең әуелі «Кемел адам» концепциясын ашып, Абай дәуірінен бері бастау алған кемелдік ұғымын «барлық сипат, барлық қалыбы толықтыққа жеткен адам» деп нақты дерекпен қазіргі ұрпаққа айқындап жеткізген. Сөзіміз сенімді шығуы үшін кітаптан мына үзінділерді келтіріп көрейік. «Ең бірінші адам баласына су сияқты мөлдір, таза бол, жолда кездесетін кедергіге қарамай, ағысын тоқтатпай үлкен өзенге, теңізге құйылып мақсатыңа жет» дейді. Су сияқты тіршілікке пайдалы бол, қандай ыдыстың ішіне кірсе, сол формаға ыңғайланғандай қоғамның әр қилы жағдайына бейімделе біл. «Сен жолға шық, жол межелеген жерге өзі апарады» көпшілігіміз бір мақсатты қойып, іске асыра алмай жатамыз. Неге? Ішімізде қорқыныш, үрей, сенімсіздік... «Кім тәуекел етпейді, сол мақсатына жетпейді» демекші, тәуекел етіп бір Аллаға тапсырсаң, іштегі тығылып жатқан қабілеттерімізді, потенциалымызды қолданып, әрекет еткенге берекесін, кез-келген істің нәтижесін беретін бір Алла екеніне көзіміз жетеді». Нон-фикшн жанрының ерекшелігі де осында. Сұрақ қоясың, міндетті түрде жауабын табасың. Нақтылық та, шынайылық та, деректілік те бар екеніне тағы бір рет көзімізді жеткіздік.

Нон-фикшн – бұл тек шынайы әлем туралы ақпаратты жеткізуге тырысатын және қиялға негізделмеген кез келген құжат немесе медиа-контент. Нон-фикшн әдетте тарихи, ғылыми және эмпирикалық ақпаратқа негізделген тақырыптарды объективті түрде ұсынуға тырысады. Дегенмен, кейбір көркем емес әдебиеттер неғұрлым субъективті аумақты қамтиды, соның ішінде шынайы өмір тақырыптары ғана өзекті болып келеді.

Сөздің орайы келгенде айта кететін бір нәрсе – жарық көріп жатқан деректі дүниелердің жүйесіздігі. Көбісі «Өнегелі өмір» дегенді айдар етіп шығып жатады. Авторларды баспалар жағы да еркіне қоя бергендей, тақырыптарына қарай тұрақты сериялар ашу жағы ескеріле

бермейді. Содан келіп бірін-бірі қайталау жиі ұшырасады. Бұл жерде басты мәселе – серия ашуда бәсекелестік қажет емес, бірін-бірі толықтырып жататын, әр салаға сай айдарлардың ажарын ашатын жүйелілік, бағдарынан айнымайтын бірегейлік керек.

Кітап шығарудың бүгінгідей тасқынды толқынынан өнімдісін, тағылымдысын таңдай білу, талғамға сайын оқуға ұсына алсақ ол – оқырман халықтың олжасы. Жаңа қоғамның өрлеуі мен өркендеуі кезінде кітаптың идеологиялық қуатты күш екені баршаға мәлім басы ашық мәселе. Демек, дәлелді қажет етпейтін талғамның сыны-тағасы таймайтын, талабынан танбайтын сын. Сайып келгенде нон-фикшн жарына қалам тербеп жүрген әрбір автор – белгілі бір саланың мамандары. Соның ішінде психологтардың айтуынша, шынайы өмірдегі белгілі бір эмоциялардан қашу да көркем әдебиет пен фильмдерге шектен тыс тәуелділік туғызуы мүмкін деген мәселенің деген пікірлер де кездеседі. Мысалы эмоциялық интеллектіні дамытудың бір жолы – сезінетін эмоцияларды жақсы тану, атын атай алу. Яғни бізде болатын эмоциялардың барынша палитрасын беру үшін бізге сәйкесінше сондай бай сөздік қор керек. Ал оны қалай дамытуға болады? Оның маңызды бөлігі – көркем әдебиет. Әйткенмен, көркем әдебиет те бар дерттің дауасы емес. Кейде адам шынайы өмірден қашу үшін қиялдан шығарылған өмірге ұмтылуы мүмкін. Біздің сөзіміз бен әрекетімізге, өзгелерге деген жанашырлығымызды жаңалық репортаждары да оята алады. Бірақ көркем әдебиет оқырманды кейіпкердің ішкі әлеміне терең бойлай алатын артықшылыққа ие. Торонто университетінің қолданбалы психология және жеке тұлғаны дамыту кафедрасының профессоры Кит Оутли көркем әдебиетті «сананың пилотажды жаттығуы» деп атайды [3]. Яғни ұшқыштардың жерден алысқа бармай-ақ әуе лайнерін басқаруды үйренгені сынды, көркем әдебиетті жиі оқитындар да өз бетінше әлеуметтік дағдыларын жақсартса алса керек. Ғалымның зерттеуінше, әдеби персонажбен өзімізді ұқсастырып, арман-мақсат жолында оп-оңай мүдделес жандарға айналып кетеміз. Кітап кейіпкеріне қауіп төнген сәтте жүрек соғысы жиілеп, уайымнан шаршауымыз да бек мүмкін.

Заман шындығын сөз еткенде, нон-фикшн жанры, автобиографиялық немесе мемуарлық ыңғайдағы беллетристика сипатындағы шығармалардың оқырмандарды бірден баурап алатыны рас. Мұны негізсіз айтыла салған жалаң пікір деп ойламаңыз, әлемдегі ең ірі баспа санатындағы Оксфорд университетінің баспасынан шығатын әлеуметтік нейробиология бағытындағы ғылыми журналға (Social Cognitive and Affective Neuroscience) жарияланған зерттеу мақалада осы мәселе ту етіп көтерілген. Аталған зерттеу еңбегінде көркем әдебиетті оқудың адамдардың әлеуметтік-танымдық қабілетін жақсартатыны, атап айтқанда қайырымдылыққа, азаматтық белсенділікке қатысу ниетінен бастап ғасырлар бойы бүкіл әлемдегі зорлық-зомбылық деңгейінің біртіндеп төмендеуіне дейін әсер ететіндігі жазылған. Жекелеген адам тағдыры арқылы көрінетін қайшылығы мол қиын жағдайлар оқырманды уақиға желісіне тереңдетіп, өз бетінше шешім іздеуге итермелейді. «Әдебиет – өмірді таныту, тәлім-тәрбие берудің негізгі нысанасы» деген пікірді алғаш ұсынған Аристотель трагедиялық кейіпкерлер оқырман бойында аяныш пен үрей тудыратынын айтады.

Қорыта айтқанда, біз жоғарыда нон-фикшн жанрының ауқымы кең, шексіз екенін айқындап, қандай да бір жазылған шығармаларға пішін, түс және текстура беруге тырыстық. Нон-фикшн шығармасы қаншалықты ауқымды тақырыптарды қамтыса, аудиториясы соншалықты көп, сұранысқа ие шығармалардың қатарында. Мысалы дүниені танудың ғылыми әдісінің танымал болуы нарықта ғылыми-көпшілік әдебиеттерге сұраныс тудырды. Автор қандай да бір объективті білімнің иесі, тәлімгері болып көрінетіндіктен, оқырман үшін мұндай әдебиет оқу үрдісімен байланысты. Сонымен қатар, білімді меңгерудің «мектептік» үлгісінен айырмашылығы, ғылыми-көпшілік әдебиеттер тым формальды және қызықсыз болып көрінбейді. Қандай тұжырым жасасақ та, қандай дерекке сүйеніп айтсақ та нон-фикшн бүкіләлемдік танымал жанр. Кез келген оқырманның көңілінен орын тауып үлгерді.

Көркем шығарма да, нон-фикшн жанрындағы әдебиет те – бір әдебиеттің қайнар көзі, бастауы. Адамзат бар кезде әдебиеттің қай түрі Тікелей адамға тән қасиеттер, эмоцияны тану, сөз өнері, нақтылық, деректілік, міндет, мақсат, шешім, психологиялық көңіл-күй бәрі-бәрі де әдебиетпен тікелей байланысты.

Осы орайда сыршыл суреткер М.Әуезовтің «Әдебиеттің зор міндетінің бірі – елдің мінезін түзеу» деген сөзі ойға оралады. Қалай болған күнде де көркем әдеби шығарманың қоғамдық, тәрбиелік маңыздылығымен белгілі бір деңгейде эстетикалық сезімімізге әсер ете алатындығы турасындағы зерттеулер мен мамандар пікірі бір арнаға тоғысып отыр. Демек әдебиеттің құдыретін, әлеуметтік мәнін күллі қоғамды өзгертушілік күшін осы тұрғыдан тану шарт. Әдебиет ескірмейді!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Гинзбург Л.Я. О психологической прозе. – Ленинград: «Художественная литература» Ленинградское отделение, 1977. – 448 с.
2. Энциклопедический словарь / Под ред. И. Е. Андреевского, К. К. Арсеньева, Ф. Ф. Петрушевского; Изд. Ф. А. Брокгауз [Лейпциг], И. А. Ефрон [Санкт-Петербург]. — СПб.: Семеновская Типо-Литография И. А. Ефрона, 1890-1907. Т. XIX (37): Мекенен — Мифу-Баня, с. 70-74.
3. Шевелев, И. Опыт наблюдения за писателями. Один немец очень любил русскую
4. литературу / И. Шевелев // Русский журнал [Электронный ресурс] – 2008. – Режим доступа : <http://www.russ.ru/>
5. Гинзбург, Л. «Былое и думы» Герцена / Л. Гинзбург. – Л. : ГИХЛ, 1957. □ 376 с.
6. <https://www.livelib.ru/translations/post/18616-fikshn-i-nonfikshn-iskusstvennoe-razdelenie-v-angloyazychnoj-literature>